



МЕРКІ ТЫНЫСЫ

МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№122
/10504/
сәрсенбі,
28 қыркүйек
2016 жыл

● Мәжіліс депутаттары – ел ішінде

АГРОСЕКТОР МӘСЕЛЕСІ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕ ҚАРАУЫ ТҮІС, -

дейді ауданымызда болған ҚР Парламенті
Мәжілісінің бір топ депутаттары

Облысымызда іссапармен жүрген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, аграрлық мәселелер жөніндегі комитет мүшелері, облыс орталығында, еліміздің басты стратегиялық бағыты саналатын ауылшаруашылығы мәселелерінің облыстағы өзекті тұстары мен Елбасы саясатынан туындайтын басқа да күн тәртібінде тұрған келелі істерді қамтыған көшпелі мәжілісін өткізгені белгілі.

Әлихан НҰРАЛИЕВ, (сурет автордікі), "Меркі тынысы".



Жұмыс жоспарларына сай келесі күні, яғни, өткен бейсенбіде, ауданымыздың агросаладағы тыныс-тіршілігімен жергілікті жерде танысып, көруге келген аталмыш комитеттің хатшысы Дүйсебаев Жексенбай Қартабайұлын, комитет мүшелері Дәуренбаев Амангелді Айдарұлын, Ералиев Абзал Жұмашұлын, Қаныбеков Сәкен Әсембекұлын, Теміржанов Мұрат Баритұлын, сондай-ақ, облыс әкімінің орынбасары Нұралиев Абдала Токбергеноұлын және өзге де лауазымды тұлғаларды аудан әкімі Өмірбеков Мейірхан Азатұлы қарсы алды.

Мерейлі Меркі жеріне қос келген қонақтарды ауданымыздың өткен тарихы мен Тәуелсіздік кезеңіндегі жетістіктері жөнінде біраз мағлұматтармен таныстырған өңір басшысы Мейірхан Азатұлы ары қарай өнеркәсіп саласындағы кәсіпорындардың биылғы жылдың қаңтар-маусымында 19 млрд. 889,3 млн. теңгеге өнім өндіріп, нақты физикалық индекс көлемі 170,8 пайызды құрағанын, бұл облыс көлеміндегі ең жоғарғы көрсеткіш екенін айтқан соң күн тәртібінде тұрған мәселе – ауылшаруашылығы жайына да тоқталды.

Міне, осы және басқа да салалар бойынша нақты цифрларға сүйеніп, толық түсінік берген аудан әкімі

М.Өмірбеков астаналық депутаттарды тек Жамбыл облысы емес, әсіресе, қазақтың ақбас тұқымды сиырын өсіруші бүкіл қазақстандықтарға аса танымал шаруашылық, 2000 жылы құрылған, «Талдыұлақ» шаруа қожалығына бастады.

Қонақтарды Орта құмдағы Қосқұдық қыстауында қарсы алған қожалықтың басшысы Мақсұт Несіпбаев халық қалаулыларына шаруа жайын кеңінен өңгімелеп, 1700 га. жайылым жерінде өсіріп жатқан 966 мүйізді ірі қара, оның ішінде, 375 аналық бас пен 1776-сы аналыққа жататын 4126 бас қойының жай-күйімен таныстырды. Ел экономикасын көтерумен қатар, жеке тұлғалар үшін бақуат өмірге алғышарт болатын түрлі үкіметтік қолдаулар мен дер кезінде қолға алынып, іске асып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың ауыл адамына тигізер пайдасын: «Ел Президенті Н.Назарбаевтың ұстанған көреген агросаясаты шаш-етектен келетін, бұрын-соңды болмаған экономикалық өрлеуге әкеледі» – деген жүрекжарды өз пікірімен толықтырып, түйіндеген М.Несіпбаев Мәжіліс депутаттарының ел арасында жиі болып, тіпті, бүгінгі шалғай жатқан құмды аймаққа да ат ізін салуына деген ризалығын жасырмай, алғысын да жеткізді.

Мәжіліс депутаттарының келесі

бағыты «Меркі асыл тұқымды зауыты» АҚ-ның 56,5 пайыз акциясының бақылау пакетін иеленіп, шаруашылықтың дамуына инвестиция салған «Агростан» ЖШС-гі болды.

Еселі еңбек ету үшін шопандарға жайлы, керекті барлық жайлар қарастырылған, канадалық технологиямен салынған 20 шақты үй құмдағы Нар өлген, Тасқұдық және Қылыш жалы қыстауларында бой көтеріп үлгерсе, сонша мал ұстайтын қашарлар да іске қосылыпты. Қазіргі таңда шаруашылықта 19 мыңға жуық қой өсірілсе, оның 9500-і саулық екен. Олардың биыл әр жүзінен 94-тен қозы өріп, әр қойдан 5 кг. үстінде жүн қырқылған. Шопандар С.Бөртебаев, Р.Мақұлбеков, С.Өмірханов, ағайынды Жанат, Мұрат Омаровтардың еңбегін де атап өткен басшы Сәттібаев Берік Хамитұлы 5 мың бас қойды бордақылайтын алаңның қайта жөндеуден өткенін жеткізіп, аналық бастарды көбейте отырып, оларды асылдандыру, егін алқаптарының көлемін арттыру сияқты жоспарларымен бөлісті. Сондай-ақ, серіктестік өлемдік стандарттарға толық жауап беретін 3000 бас ірі қара малын бордақылайтын заманауи үлгідегі жоба құны 2 млрд. 700 млн. тұратын арнайы алаңының құрылыс жұмыстарын бастаған. Сонымен қатар, бордақылау алаңына 3 құдық қазылып, 600 басқа арналған карантиндік алаң құрылысы жүруде екен.

Егіншілік жайына да тоқталған агростандықтардың айтуынша биыл барлығы 4700 га. егін алқабының 2700-не бидай егіліп, әр гектардың түсімі 13,2 центнерден айналыпты. Қалған 2000 га. жерге себілген арпа гектарына 11,3 центнерді құраған. Бұл әрине, былтырғы бидайдың әр гектарынан алынған 6 центнерге қарағанда жоғары түсім екені рас.

Кездесу барысында сөз алған Парламент Мәжілісінің депутаты Жексенбай Дүйсебаев жамбылдықтардың, оның ішінде, Меркі өңірі жұртшылығының еңбекқорлығы мен ізденімпаздығына бұрыннан тәнті екенін, көп естігеннен гөрі жергілікті жерде бір көріп, танысу мүмкіндігінен өздеріне қажетті көп ой жинақтап, керекті дәріс те алғандарын айтып, депутаттық мандат мүмкіндігін еліміздің агросектор саласының одан әрі дамуына пайдалана беретіндіктеріне сендірді.

Суретте: облыс әкімінің орынбасары А.Нұралиев пен аудан әкімі М.Өмірбеков Парламенттен келген қонақтармен әңгімелесуде.



Әтіркүл ТӘЖІБЕКҚЫЗЫ, Айбол ИМАНБЕКОВ (сурет), «Меркі тынысы».

ДЕПУТАТТЫҚКА КАНДИДАТ ТІРКЕЛДІ



Нұротандықтардың праймериз жиынын аудан әкімінің орынбасары Марат Қасым ашып, жиналыстың өткізілу мақсаты мен тәртібін қысқаша хабарлап өтіп, сөз кезегін аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттыққа үміткерлерге берді.

Бірінші болып мінбеге Жамбыл ауылдық округінің әкімі, «Нұр Отан» партиясының мүшесі, үміткер Көкірекбаев Мұратбек Болысбекұлы (суретте) шықты.

– Дербес мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының басты стратегиясы белгіленді. Жан басына шаққандағы табыс көзі ұлғайды. Ішкі өнім көрсеткіштері өсті. Осының барлығы артта қалған 25 жылдың еншісінде. Сондықтан да, биылғы аталып өтілгені отырған Ұлт Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық мерекесінің орны ерекше, мәртебесі жоғары болмақ.

Ендігі кезеңде «Нұр Отан» партиясының мүшесі ретінде қоғамдағы барлық өзгерістерден сырт қалмай, аса маңызды қоғамдық-саяси шаралардың ортасында жүруді, оның ішінде бастауыш партия ұйымдарымен тығыз партиялық байланыста болуға және партияның әрбір бағалы бастамаларына қолдау көрсетуді өз міндетім деп санаймын.

Менің бүгінгі партиялық іріктеу праймеризі жиналысында Сіздерге ұсынып отырған бағдарламаның негізгі бағыты – осы айқындалған міндеттерді Меркі ауданында жүзеге асыруға бар күш-жігерімді жұмсау болып табылады.

Оның ішінде, «Нұр Отан» партиясының еліміздегі қоғамдық тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді және халықтар достығын нығайту жұмысына үлес қосу мен үшін айрықша басымдықтарға ие, – деген Мұратбек

Өткен сенбіде №1 орта мектебінің акті залында №8 сайлау округі бойынша шығып қалған аудандық мәслихат депутатының орнына «Нұр Отан» партиясынан депутаттыққа кандидатты тіркеу бойынша праймериз жиналысы болып өтті.

Болысбекұлы өзінің сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарымен бөлісті.

Одан соң №18 А.Қосанов атындағы тірек мектебі директорының бастауын сыныптардағы оқу ісі жөніндегі орынбасары, «Нұр Отан» партиясының мүшесі, үміткер Қыдырбаева Күміскүл Тұрапбекқызы сөз алып, өзінің алға қойып отырған мақсаттарын партияластарының назарына ұсынды.

– Меркі аудандық мәслихаты депутаттығына кандидат болуға ұмтыла отырып, өз алдыма сайлаушыларды толғандыратын мәселелерді шешуге атсалысуды міндет етіп қоямын. Менің басты мақсатым – «Нұр Отан» партиясының бағдарламалық құжаттарындағы міндеттерді жүзеге асыру, №8 сайлау округінің аумағында тұратын азаматтардың әлеуметтік және өмірлік мәні зор мәселелерінің шешілуіне ықпал ету, ауданның әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға үлес қосу, – деді Күміскүл Тұрапбекқызы.

Праймериз барысында қос үміткердің сенімді өкілдері – Әтіркүл Исаева, Айваз Османов, Айгүл Мұсаділова және Бақыт Иманбековалар сөз сөйлеп, өздері қолдайтын кандидаттыққа ұсынылып отырған партия мүшелері туралы пікірлерін ортаға салды.

Жиын соңында праймеризге қатысқан 75 партия мүшесі жасырын дауыс беріп, үміткерді анықтады. Санақ комиссиясының есебіне сәйкес, 51 дауыс алған М.Көкірекбаевты №8 сайлау округі бойынша шығып қалған аудандық мәслихат депутатының орнына кандидаттыққа үміткер болып тіркеуге қаулы қабылдады. Ал, 24 дауыс алған К.Қыдырбаева резервке қойылды.



БЕРІК БОЛСЫН, ТУҒАН ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ, НҰРЛЫ БОЛСЫН, ТӘУЕЛСІЗДІК ҒҰМЫРЫ!

Тәуелсіз Қазақстанның өз тарихы ерекше. 1991 жылы 16 желтоқсанда Көк Туымыз желбіреп, Қазақ елі Тәуелсіздігін алып, иісі қазақ көз жастарын ақ орамалмен сүртіп, қуанышты күнді қарсы алды. Міне, содан бері 25 жыл болды, яғни, ширек ғасыр өтті. Тәуелсіздік жылдары қазақ халқы қырандай самғап, еркіндікте өз елім, өз жерім деп мақтана да алды. Еркіндікті өз қолына алған Қазақстан Республикасының азаматтарына алғашқы жылдары оңай бола қоймағаны белгілі. Ал, қазір тәуелсіздік жылдары ауыл-аймақтардың қарыштап дамып келе жатқанын жалғыз қазақ қана емес, әлем мойындап отырғаны тағы бар.

газ кіргізіп, бүгінгі таңда игілігін көруде.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасымен 2013 жылы қажетті 2 млн.700 мың теңге қаражат бөлініп, «Тілеміс батыр» ЖШС-гі кеңсесінің жанынан балалар ойнайтын ойын алаңдары жасалып, қолданысқа берілді. 2014 жылы Ақтоған ауылындағы мектеп маңынан 3 млн. 198 мың теңгеге кіші футбол алаңы бой көтерсе,

бой көтерді. Сонымен қатар, Қазақ дихан ауылына бюджеттен 62 млн. теңге қарастырылып, табиғи газ тартылған. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан ақтоғандықтар осы сынды игі істерді болашақта да атқара береді деп сенемін.

көгінде Көк Туымыз желбіреп, кең далада Әнұраны шарықтап ойнаған мемлекетте өмір сүрудеміз.

Иә, ата-бабаларымыз сан ғасыр армандаған Тәуелсіздіктің 25 жылдығы еліміздегі іргелі істермен айышталды. Тәуелсіздік – ұлттық

АҚТОҒАНДА АТҚАРЫЛҒАН ШАРУА КӨП

Осынау Тәуелсіздік жылдары Ақтоған ауылдық округінде атқарылған жұмыстар аз болмады. 2000 жылдары Ақтоған ауылына табиғи газ кіргізіліп, 2005 жылдары Қазақ дихан ауылында «Әкімжан ата», ал 2007 жылы Ақтоған ауылында «Шақшам ата» мешіттері бой көтерді. «Туған жері әр адамға ыстық, алыс кетсең сағынып, келсең мауқыңды басар, жүрегіңді елжіретер бір керемет қасиеті бар», – деп түсінетін ауыл кәсіпкерлері мен демеушілерінің қолдауымен 2008 жылы ақтоғандықтар бұрынғы шаруашылық алаңындағы ауыз су

құбырының су сорғы қондырғысын ауыстырып, ауыл ішіндегі көшелердің ауыз су құбырларына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді. 2012 жылы ауыл маңынан 11 гектар жерге саябақ жұмысын аяқтап, №4 Тілеміс батыр орта мектебінің ауласына Тілеміс бабаға арнап ескерткіш тас белгі және Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Ұлы Отан соғысына қатысушыларының есімдері жазылған 2 ескерткіш тақта орнатылды.

«Ынтымақ түбі – игілік», – деп қазақ атам бекер айтпаған ғой. 2013 жылы ынтымақтың арқасында Ақтоған ауылының Тілеміс көшесінің тұрғындары өз қаражаттарына көшеге тас төсесе, Ақтікен көшесінің тұрғындары да өз қаражаттарына

2015 жылы 3 млн. 171 мың теңгеге Ақтоған ауылындағы Амангелді көшесінің бойында және Қазақ дихан ауылындағы №33 бастауыш мектеп жанынан балалар ойын алаңдары қолданысқа берілген болатын. Сонымен қатар, ағымдағы жылы аталған бағдарлама бойынша 3 млн. 117 мың теңгеге Ақтоған ауылындағы Т.Әлшеев, С.Нартбаев, Т.Әбілтаев, Мырзатай көшелеріне ағымды жөндеу жұмыстары жүргізіліп, саябаққа арқа салынды.

Ал, 2014 жылы бюджеттен 75 млн. теңге бөлініп, Ақтоған ауылында орналасқан мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, қолданысқа берілсе, 72 млн. теңгеге жаңадан 30 келіп-кетушіге арналған дәрігерлік амбулатория



Қазақ елінің Тәуелсіздігін алу үшін ата-бабаларымыз аянбай, қасық қаны қалғанша күресті, сонымен қатар, желтоқсан көтерілісінің құрбандары осы қазақ елінің тәуелсіздігі үшін бар күшін салып жанын құрбан етті емес пе?! Біздің ел басқа елдермен терезесі теңесіп, қалыспай қарыштап дамып келе жатқан жас мемлекет. Қазақ елінің төрінде Елтаңбасы ілініп,

тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы.

Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы да жетті. Тәуелсіздігіміз баянды болғай!

**Олзхабек ҚОСУБАЕВ,
Ақтоған ауылдық округінің әкімі.**

АСАРЛАТЫП САЛЫНҒАН АЛТЫ ҮЙ

Әрбір ұлттың өзін-өзі ерекшелеп, ұлттық қасиетін көрсететін байлығы – ол дәстүрі. Қазақ халқы тіл мен жерге қаншалықты бай болса, дәстүрі де соған лайық дамыған. Халқымыз құндылықтары мен қасиетін ерекшелеп көрсететін әдеп-ғұрпымызды ерекше сақтаған. Солардың ішінде «асар» дәстүрі ақтоғандықтар арасында бүгінде жалғасын тауып отыр. «Асар» қазақ арасында ертеден келе жатқан салттардың бірі. Бұл салт бойынша көпшілік күш біріктіріп, бір-бірінің жұмысына қолқабыс көрсетеді.

Осынау ата-бабамыздан өз жалғасын тауып келе жатқан дәстүр соңғы жылдары Ақтоған ауылында, халықтың ынтымағымен ұйымдастырылып келеді. Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған қазақ халқы байырғы салты бойынша ең алғаш ауылымыздағы жалғызбасты ана Нүрия Жылқамановаға, I-топтағы мүмкіндігі шектеулі баласы бар Гүлсім Жүндібаеваға демеушілердің қолдауымен асар ұйымдастырылып, жаңа үйлер бой көтерген болатын. Ал, 2011 жылы мүмкіндіктері

шектеулі Күмісбек Әлішев пен жұбайы Күлпаш Таникееваларға тұрып жатқан үйлері апатты жағдайда болғандықтан, 1 млн. теңге көлемінде қаражат жұмсап тағы бір жаңа үй салынса, көп балалы ана Роза

Муралиеваның үйі ауыл тұрғындарының көмегімен күрделі жөндеуден өткізілді. Сондай-ақ, 3-

топтағы мүмкіндігі шектеулі Гүлмира Самбетбаеваның

да үйі 2013 жылы жаңадан салынып, пайдалануға берілсе, Аят Асановтың өрт шалған үйінің шатыры қайта жабылып, жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Әрбір жағдайды ауызбіршілікпен

салт-дәстүрінің өте ерекше өзіндік мәні бар.

1991 жыл – еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері, міне, 25 жыл да өте шықты. Бүгінде Елбасымыздың сара жолды, салмақты да саликалы кемел саясатының негізінде аз ғана уақыт ішінде ерекше ел болып қалыптасқан Қазақстанның әлемдік қауымдастықтың алдыңғы көшінде келе жатқанын біз мақтан етеміз. Бүгінде ынтымақтың ошағы жағылып, тұрақтылықтың туы тігілген елімізде күллі қазақстандықтарды бір мақсатқа жұмылдырып,

жағынан қуатты, өркениетті, дәулетті 30 мемлекет санатына қосуға байланысты өте жауапты, күрделі міндеттер тұр алдымызда.

Сөзімнің соңында достық пен ынтымақты ту етіп, бірлік пен татулықты жыр еткен барша Қазақстан халықтарының мызғымас достығы мен бірлігі мәңгі жасай берсін, – дегім келеді.

**Жоран ӘЛАХҰНОВ,
ауыл ақсақалы.**



шеше білген қазақ халқының бірігіп жұмыс істеп, бір-біріне көмек беруі халық арасындағы жақындықты нығайтатыны анық. Қазақтың әрбір

болашақта мемлекетімізді заман дауылы шайқалта алмайтын, саяси жағынан сауатты, әлеуметтік жағынан тұрақты, экономикалық

**Суреттерде:
асарлатып салынған алты үй.**

Бүгінде қазақ халқы қаһармандықпен қол жеткізген Тәуелсіздігімізге – 25 жыл. Бұл мереке, әсіресе, Тәуелсіздіктің құрдастары үшін ерекше мейрам. Мен де егемен елдің құрдасымын. Мен 1991 жылы 16 желтоқсанда қазақ халқымыз азаттықтың ақ таңын қарсы алған шақта дүниеге келгенмін.

МЕН ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ҚҰРДАСЫМЫН

Тәуелсіздіктің төл құрдасы атану мен үшін үлкен мәртебе, бақыт және мақтаныш. Сол себепті де 25 жыл бойы дербес Қазақстанның ұрпағының қатарынан екенімді қай кездері болса да мақтанышпен айтып жүремін.

Сонымен қатар, Тәуелсіз мемлекет атанып, жаңа өмірге қадам басқан Қазақстанмен бірге туылып, бірге өсу үлкен сынақ деп ойлаймын. Тарих беттерінен бодандықтан арылған күннен осы кезге дейін, яғни, мен туылып өскенше, еліміз талай қиын кезеңдерден өткенін байқаймын. Бар тірлікті жаңадан бастаған мемлекетіміздің алдында көптеген асуларды бағындыру қажет еді. Сол шақтан бастап аға буын өкілдерінің бізге деген көзқарастары айрықша болды. Өмір есігін ашқаннан-ақ мен Тәуелсіз Қазақстанда өсудің артықшылықтарын көріп келемін. Бейбіт елде өміріме азық боларлық білімді алдым. Жаңа Қазақстанның жаңашыл істеріне куә болып келемін.

Мен – Тәуелсіздіктің құрдасымын. Сондықтан егемен Қазақстанның дамуына үлес қосу, біздің елдің бетке ұстар азаматы болу – менің басты арманым. Осы арман жолында еш аянбаймын.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығында еліміз үлкен белестерді бағындырып, дамудың дара жолына түсті. Осы ретте, ерекше қарқынмен өркендеп келе жатқан мемлекеттің мерейін көтеріп, байрағын желбіретер мәртебелі іске әрқашанда әзірміз. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биіктей берсін!

**Құралай МЕДЕТБЕКОВА,
Тәуелсіздік құрдасы,
Ақтоған ауылы**

Өткен аптада бастау алған аудан округтері көркемөнерпаздарының аудандық байқауы «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбымен 17 қыркүйек күні өз жалғасын қайта тапты. Аудандық Мәдениет үйінде өткен бұл жолғы өнер сайысында Жаңатоған ауылдық округінің өнерпаздары бақ сынады.

Әлихан НҰРАЛИЕВ, (суреттер автордікі), "Меркі тынысы".

Аудан әкімінің орынбасары М.Қасым, аудан әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж.Жантелиев, барлық ауылдық округ әкімдері мен ауданымыздың өнер сүйер қауымы қатысқан байқау шымылдығы Жаңатоған

ыстық махаббатын жеткізе білген Қызыл сай ауылдық клубының көркемдік жетекшісі Аят Саховтан кейін сахнаға шыққан Айман Құлметова да көршілес қырғыздың халық әнін нақышына келтіре орындады.

Иә, Тәуелсіздік жайлы сөз қозғағанда оған ұйытқы болған,

Қарабаев Құрманғазының «Төрмұрат» күйін шерткенде көрермен

қауымы бір желпініп қалды. Осы Б.Қарабаев пен мұғалім Құндыз Ибрагимованың «Күй тартысы» өте тартысты өтсе, №14 орта мектебі биші қыздарының «Дала сазы» биі үшін де көпшілік қошеметтеп қол соқты.

Р.Әлқожаның «Атамекен» әнін нақышына келтіре орындаған №14 орта мектебінің мұғалімі Зарина Закированың өнерінен соң, 40 жыл бойы жүргізілген ядролық сынақтарға тыйым салынып, биыл 25 жыл толған осы айтулы датаға орайластырылған Р.Мұқанованың «Қыз жылаған» шығармасынан монолог оқыған №14 орта мектебінің оқушысы Ақшолпан Мірабзал өз кейіпкерінің образын әсерлі сомдап шыға алды.

Округ өнерпаздарының бағдарламасында ұлттар достастығы мен ынтымақтастығына да орын беріліпті. Ұстаздар қауымы орындаған Ж.Артықбаеваның «Алтын бесік», Альбина Мусаева салған Б.Оралұлының «Толғау» өндерінен соң, Сүлейменовтар отбасы «Күрді биін», Рабыхан Алмасова «Өзбек биін» көпшілікке ұсынды.

Сонымен, бүгінгі байқау №30 орта мектебінің мұғалімдері Гүлназ Жақсыбаеваның орындауындағы Б.Оралұлының «Қазақ елі осындай» әні мен Досжан Әкімбаев шырқаған «Қазақстаным» әнімен өз мәресіне жетті.

Кеш соңында әсем ән мен төтті күй, ырғақты биге сусындыған көпшілік Мәдениет үйінің фойесіне қойылған жаңатоғандықтардың көлөнер туындыларымен танысты. Мұнда темір ұсталары М.Шалданбаев пен Ә.Қошыбаев, зергерлер Е.Ахметов пен Қ.Құлмырзаевтар өз қолдарынан шыққан бұйымдарын ел назарына ұсынса, құсбегілер С.Жалғасұлы мен Ш.Нұрбек көрінген аңды

ауылдық округінің тыныс-тіршілігі мен бүгінгі келбетін паш еткен бейнебаянмен ашылды. Кешті жүргізуші мектеп мұғалімдері М.Сәдуақасов пен Ж.Тіленшиевалар аталмыш байқаудың өткізілуі – ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық

биыл 30 жылдығы аталып өтілгелі отырған, Желтоқсан оқиғасы еске еріксіз түсері анық. Міне, кезінде Мәскеуден келген ақ жағалы шенеуніктер мен олардың жергілікті жердегі кейбір жандайшаптары небары 18 минутқа созылған жиында қазақтың қыраны



мерейтойымен байланысты екенін айтып, маңдайымызға дарып, алақанымызға қонған Тәуелсіздіктің құндылықтары мен халықтың өзін-өзі тануы жолындағы аса қажетті рухани байлығы саналатын халық өнерпаздарының өнерлерін паш ету – бүгінгі мерекенің басты мақсаты екендігіне тоқталды.

Байқау жаңатоғандық өнерпаздардың, ұстаздар мен балабақша ұжымы қызметкерлерінің орындауындағы жергілікті сазгер, ҚР еңбек сіңірген өртісі А.Қоразбаевтың «Қазақстан» әнімен ашылып, қазақ-қырғыздың панасы болған Сыпатай батырға бас иіп, өмір жолын тәу етер Ш.Мамасерікованың сөзіне жазылған Ш.Омаралиевтің «Сыпатай туралы толғау» әнімен жалғасты. Осы туындыны домбыраның күмбірлеген қоңыр дауысымен шебер жеткізген Лаура Мәмбеталиеваның өнері сыншыл қауымның әділ бағасын алса, сазгер Ә.Бекжановтың ақын Ш.Әлімхожиннің сөзіне жазылған «Туған жерім – Қостоганым» атты кіндік қаны тамған жерге деген перзенттік сезімін ұялататын әнін орындаған Қалбүбі Арынова да көпшілік қошеметінен құр қалмады.

Жаңатоған ауылдық округінің мәдениет үйі жанындағы фольклорлық-этнографиялық ансамблінің орындауындағы Дәулеткерейдің «Қос алқа» күйіне қойылған №14 М.Жылысбаев атындағы орта мектебінің оқушысы Алтынай Талғаттың бишілік өнері де көрермен көңілін бір серпілтті. Кәсіби мамандардан керекті дәріс алған жағдайда өз ісінің озығы болуға алғышарты жетерлік жас буын Алтынайдың (жоғарғы суретте) болашағынан, әрине, күтеріміз де көп.

Келесі кезекте сазгер Т.Базарбаевтың «Ауылым» әнін шырқау арқылы туған жерге деген

– Қонаевқа тұмалдырық салып, саздан келген шүрегей – Колбинге Алаш еліне «пана» болуды тапсырғаны кешегі ащы шындық, бүгінгі тарих емес пе? Осы өткен күндер елесін көз алдымызға әкеліп, өзі туғанда анасының жеген қалжасы мен ақ сүтін ақтай білген Қайрат Рысқұлбековтей бауырымыздың ел намысын



ойлаған жан қиналысынан сыр шертетін «Қайраттың ақтық сөзі» атты сахналық көрінісі арқылы жаңатоғандықтар бір сәт ұлтымыздың ұлылығы мен ерлікке толы өркендігін паш ете білді. Артынша Қуантай Мұсатайұлы орындаған Ә.Асылбековтың сөзіне жазылған Ә.Тінәлиевтің «Желтоқсан желі» патриоттық әні де өткен ызғарлы күндердің іргесіне апарып, Тәуелсіздіктің қадірін барынша бағалауға шақырғандай еді.

Ортаға «Дархан» әжелер тобы шығып, халық әні «Айсәулемге» салғанда, М.Жылысбаев атындағы №14 орта мектебі оқушыларының орындауындағы көркемсөз оқу сәтінде және Қостоган ауылдық клубының меңгерушісі Бауыржан

бүретін бүркіт пен тазыны ала келіпті. Сондай-ақ, келі түйіп, тары ақтаған әжелер, күбі пісіп, жүн сабаған апалар (суретте) ши тоқып, іс тігумен қатар, сары қымыз сапырған жеңгелер, қол диірмен тартып, қымсына басқан келіндер де осында екен.

Бәрі тамаша, бәрі жөн. Десек те, бала кезде әр үйден көретін осынау ұлт ерекшелігін айғақтайтын, көзайым көріністердің бұл күнде көзден бал-бұл ұша бастағаны, болмаса ұмытуға болмайтын осындай құндылықтарды байқаулардан ғана тамашалайтынымыз өкінішті-ақ екенін айта кеткіміз келеді. Игі дәстүрлер жаңғыра берсе екен, ағайын.



За 25 лет Независимости страны, дружеские связи между Казахстаном и Польшей укрепились. Казахстан рассматривает Польшу как надежного политического и экономического партнера в Евросоюзе. Польша – окно в Европу и серьезный партнер в ЕС для республики. Даже в вопросах продвижения ратификации соглашения об углубленном партнерстве Казахстана с ЕС роль Польши очень важна. И с каждым годом сотрудничество между странами все крепче, чему также способствует Независимость Казахстана.

Ольга МАЗУР, "Меркі тынысы".

УВИДЕЛИ ДОСТОПРИМЕЧАТЕЛЬНОСТИ ПОЛЬШИ



Делегация из Польши, во главе с Маршалом Сената Республики Польша С.Карчевским и другие официальные лица вот уже не первый год посещают в ходе визита в Жамбылскую область места захоронения в годы Великой Отечественной войны польских военнослужащих армии генерала Андерса. Они возлагают венки к могилам своих соотечественников, где стоял штаб полковника Болеслава и собирався офицерский состав армии генерала Андерса, проводят поминальную службу.

Те события уже вошли в историю. Так, в 1941-1942 годы, в восточной части СССР, в том числе в Жамбылской области, из числа оказавшихся на советской территории польских граждан формировалась армия генерала Андерса, предназначенная для боевых действий против фашистской Германии на стороне союзных сил в Европе. Последние эшелоны генерала Андерса, эвакуировавшиеся из СССР в Иран для соединения с британскими войсками, подверглись тяжелым испытаниям. Около трехсот солдат так и не добрались до фронта, оставшись лежать в братских могилах на юге Казахстана.

Сегодня в Жамбылской области имеются три массовых захоронения польских солдат – в Меркенском, Жуалынском и Т.Рыскуловском районах. В селе Шакпак Жуалынского района в братской могиле захоронено 216 человек, в Мерке – 19 и на станции Луговая – 46 солдат армии генерала. Захоронения польских солдат находятся под опекой польского Совета охраны памяти жертв войны и мученичества.

В Меркенском районе захоронение польских солдат находится на земельном участке

семьи Кикинадзе, в селе Сыпатай батыра, которые вот уже не один год, проявляя уважение, ухаживают за захоронением. И вот, в знак благодарности, представители Польши, во главе с Маршалом Сената Республики Польша С.Карчевским, пригласили супругов Кикинадзе в августе месце т.г. посетить эту прекрасную и дружественную для Казахстана страну и эта поездка получилась очень насыщенной.

Поездка для Аслана и Амирии Кикинадзе была оплачена польской стороной. Для них была составлена интересная программа. В первую очередь, они побывали на приеме у Маршала Сената Республики Польша (на снимке), познакомились с достопримечательностями красивейших польских городов, таких как: Варшава, Краков, Закопане. Убедились в том, что Польша – это прекрасные горы, девственные леса, величественные реки и озера, изумительно красивые города. Здесь тысячи памятников средневековой соседствуют с объектами современности. Они побывали в гордости Варшавы и отраде для глаз гостей польской столицы – Королевском дворце, посетили королевские апартаменты и тронный зал. Увидели великолепные виды города и реки Вислы, которые открываются из Королевского дворца. Гости спускались в солевую шахту, гуляли по Ботаническому саду, посетили еврейский музей в городе Кракове, были в костелах и смогли увидеть много интересного.

Эта поездка в Польшу стала для них большим подарком и запомнилась надолго, став свидетельством хороших взаимоотношений двух дружественных стран и их граждан.



ЭКСПО-2017 көрмесіне ұсынылатын «Үздік тәжірибелер аймағы» үшін 20-дан астам үздік жобалар таңдалды

Астана қаласы, 2016 жылғы 15 қыркүйек

2016 жылғы 15 қыркүйекте Radisson отелінің Сарыарқа залында Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Висенте Лоссерталес, «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясының Басқарма төрағасының орынбасары Ербол Шорманов және 2006 жылғы физика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Джордж Фицджеральд Смуттың қатысуымен баспасөз мәслихаты өткізілді. Іс-шара «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің «Үздік тәжірибелер аймағы» павильоны үшін энергия саласындағы дүниежүзінде қазір қолданыста бар үздік тәжірибелер ұсынылатын байқау қорытындыларына арналды.

Баспасөз мәслихатының қатысушылары атап өткендей, «Болашақ энергиясы» тақырыбын ашып көрсете алатын басты тақырыптық нысандардың бірі «Үздік тәжірибелер аймағы» павильоны болып табылады (еВРа).

Жобаларды іріктеу мақсатында арнайы Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Висенте Лоссерталестің төрағалығымен Халықаралық іріктеу комиссиясы құрылған болатын. Комиссия құрамында Нобель сыйлығының лауреаттары, энергетика саласындағы сарапшылар мен ғалымдар, сондай-ақ, «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясының қызметкерлері бар.

Ұсынымдарды қабылдау 2016 жылдың қаңтар айында

жарияланып, үстіміздегі жылдың 15 тамызында төамдалды. Халықаралық іріктеу комиссиясының алғашқы отырысы 2015 жылдың 9 желтоқсанында Париж қаласында өткізілді. Ол басқосуда іріктеу мен қатысу шарттары талқыланды.

Жалпы, ұйымдастырушыларға әлемнің түкпір-түкпірінен 132 өтінім келіп түсті. Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Висенте Лоссерталес жұмыстағы айтарлықтай қарқынды атап өтті. «ЭКСПО құрылыс нысандарының қарқынын, тақырыптық павильондардың мазмұнын, халықаралық қатысушылардың осы жылдың қазан айында еркін орналаса бастайтындығын көріп үлкен әсер алып отырмын. Барлық жұмыстар аяғына жетіп қалды» – деді өз сөзінде В.Лоссерталес.

Халықаралық іріктеу комиссиясының жұмысы бойынша Берклидегі Калифорния университетінің профессоры, Нобель сыйлығының лауреаты Джордж Фицджеральд Смут: «Біз 4 сағаттан аса ақылдастық, барлық жобалар қызықты еді. Олар шын мәнінде көрмеге келген қонақтарды таң қалдырып, тіпті, олардың қасында тұрып әр елдің мемлекет басшылары суретке түседі деп ойлаймын» – деді.

Халықаралық іріктеу комиссиясының қорытындысы бойынша 20 жоба байқау жеңімпаздары атанды. Олар «Үздік практикалар аймағы» павильонында орналастырылатын болады.

2016 жылдың 30 қазанына белгіленген
№8 сайлау округінен шығып қалған депутаттың орнына
сайлау өткізу бойынша Меркі аудандық мәслихатының
депутаттығына тіркелінген кандидаттар туралы

МӘЛІМЕТ

№8 сайлау округі

Баубеков Абдықұл Оразұлы – 1955 жылы 2 желтоқсанда туылған, жеке кәсіпкер, Жамбыл ауылы, Меркі ауданы, Жамбыл облысы, Б.Момышұлы көшесі №2 «а», қазақ.

Жунсалиев Нұрлан Акимбайұлы – 1969 жылы 30 наурызда туылған, жетекші, «Турке» шаруа қожалығы, Рысқұлов ауылы, Меркі ауданы, Жамбыл облысы, Қ.Сәтпаев көшесі №34, қазақ.

№8 округтік сайлау комиссиясы

СВЕДЕНИЯ

о зарегистрированных кандидатах в депутаты Меркенского районного маслихата по проведению выборов, вместо выбывшего депутата по избирательному округу №8, назначенных на 30 октября 2016 года.

Избирательный округ №8

Баубеков Абдыкул Оразович – 2 декабря 1955 года рождения, индивидуальный предприниматель, село Жамбыла, Меркенского района, Жамбылской области, ул. Б.Момышұлы №2 «а», казах.

Жунсалиев Нурлан Акимбаевич – 30 марта 1969 года рождения, руководитель КХ «Турке», село Т.Рыскулова, Меркенского района, Жамбылской области, ул. К.Сатпаева №34, казах.

Окружная избирательная комиссия №8



Ақ тілек

Аудандық аурухана әкімшілігі және кәсіподақ ұйымы Ақтоған ауылдық дәрігерлік амбулаториясының жалпы дәрежелік дәрігері **Умирбеков Нұрланбекті** 23 қыркүйекте 63 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтайды.

Мерекелі, берекелі күні Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, мол бақыт, көтеріңкі көңіл-күй тілейміз. Сіз бар саналы ғұмырын медицина

саласына арнап, әр науқасқа көмек қолын созып жүрген өз ісінің маманы, әрбір ісін үлкен жауапкершілікпен атқара білетін білікті дәрігерсіз. Міне, бүгінде зейнеттік жасқа жетіп, отбасында да жақсы жар, қамқор өке, немерелеріңізге сүйікті ата болып, қылықтарын қызықтап отырсыз. Ылайым, көрер қуаныштарыңыз молынан болғай. Халық үшін атқарған еселі еңбегіңіздің тек қана жемісін көріңіз. Әрдайым өміріңіз қуатты, көңіліңіз шуақты болсын. Жасыңызға жас қосылсын.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

1993-1994 жылдары әскери борышын өтегендігі туралы Байгонысов Габит Саулебековичтің (05.01.1975 ж.т.) атына берілген әскери билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Сағынышпен еске аламыз

ЕСКЕ АЛУ



Ақтоған ауылының тұрғыны болған асқар таудай тірегіміз, сүйікті әкеміз **Шынықұлы Рахымбай** осыдан 6 ай бұрын өмірден озды. Шаңырағымыздың ұйытқысы, берекесі бола білген асыл әкеміз жомарт, жаны жайсаң, ешкімнің көңілін қалдырмайтын ақкөңіл, кішіпейіл жан еді. Қанша есейіп кетсек те өкенің орны бөлек екен. Сүйікті әкемізді әруағына құран бағыштап, сағынышпен еске аламыз.

Асыл өке! Сіз өмірден өтсеңіз де біздің жүрегімізден еш өшпейсіз. Сіздің айтқан әрбір сөзіңіз, ақылыңыз, ғибратты әңгімелеріңіз, берген тәлім-тәрбиеніз, нұрлы бейнеңіз жадымызда жатталып, санамызда сақталады.

Әкежан шаңыраққа болдың пана,
Жамандық қылмаушы едің ешбір
жанға.
Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда,
Сағындық өке сізді баршамыз да.
Жан өке ұл-қызыңның тірегі едің,
Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің.

Болмасаң да бүгін біздің
жанымызда,
Әрбір айтқан сөздерің жадымызда.
Бүгіндері жанымыз жабырқаулы,
Сағынышпен туғандарың еске
алады.
Өзіңізбен бірге өткен күндер,
Жүрегімізде мәңгі сақталады.

Жатқан жеріңіз жайлы, орныңыз пейіштің төрінде болсын.

Еске алушылар: күйеу баласы-қызы – Алтай-Маржан, немерелері – Нұрбол-Арай, Бағлан-Аяжан, Ернат, шөберелері – Аружан, Ақжан, Әлинұр, Нұржігіт.

ОБЪЯВЛЕНИЯ ОБ ОТКРЫТИИ НАСЛЕДСТВА

Открылось наследство после смерти Раисовой Зейнеш, умершей 9 июля 2016 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение шести месяцев со дня открытия наследства к нотариусу Б.Абишеву по адресу: с. Мерке, ул. Исмаилова, 173.

* * *

Открылось наследство после смерти Халиловой Сони, умершей 31 марта 2016 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение шести месяцев со дня открытия наследства к нотариусу М.Байдаулетову по адресу: с. Мерке, ул. Исмаилова, 224.

СЧИТАТЬ НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

утерянный договор купли-продажи одного жилого дома, с земельным участком, выданный на имя Сарсенбаева Бакытжана Джолдыбаевича, шестого августа две тысячи четвертого года, зарегистрировано в реестре за №2-3471.

БЫЛИ ВЫРАБОТАНЫ РЕКОМЕНДАЦИИ

В Меркенском районном суде прошел «круглый стол» на тему: «Устранение проблем, касающихся неисполненных судебных актов». В нем приняли участие судьи, представители прокуратуры, РОВД, судебные исполнители, а также сотрудники районного управления государственных доходов.

Ольга АКИНИНА, «Меркі тынысы».

В ходе беседы председатель Меркенского районного суда А.Дауренбеков предложил присутствующим применять альтернативные меры в отношении неплательщиков, уклоняющихся от уплаты ад-

министративных штрафов и алиментов. Судебные исполнители, совместно с сотрудниками РОВД, договорились о выявлении злостных неплательщиков через базу данных, останавливая их на авто-

трассах района, в крайнем случае, заводить в отношении нарушителей административные дела, а в отношении злостных неплательщиков – уголовные дела.

По завершению «круглого стола», участниками были разработаны рекомендации, в числе которых, судебным исполнителям дана рекомендация, принимать все меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан по взысканию алиментов.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі №198 бұйрығына 5-қосымша «Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кері қарай үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 5 жұмыс күн;

2. Қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 30 минут.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі осы

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалпы білім беру ұйымдарына және кері қарай үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну туралы анықтама.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

3. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат;

3) баланың туу туралы куәлігінің немесе жеке куәлігінің көшірмесі;

4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу орнынан анықтама.

**Р.АЛТЫНБЕКОВ,
Жаңатоған ауылдық
округінің бас маманы.**

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ІЗГІ ҚАСИЕТ

Қайырымдылық пен ізгілікті, мейірім мен шапағатты жанына серік еткен жандардың басын қосып, жақсылықты бірге атқару үшін ауданымызда «Мерейлі Меркі» қоғамдық қайырымдылық қоры ашылған болатын.

Өмір тосын сыйларға толы. Біріміз ниетімізге жетіп, адал еңбегімізбен бақыт пен молшылыққа кенеліп жатсақ, бірімізді Алла қиындықпен, ауырпашылықтармен сынап жатады. Осындай қиналғанға демеу, сүрінгенге сүйеу болып, ізгіліктің жаршысы болу – адамдығымыздың өлшемі.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» – деген екен дана халық. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа – жан риза» – дегендей, аз қамтылған отбасылардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу – әрбір азаматтың парызы. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды.

Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол үшін беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам басады.

«Мерейлі Меркі» қорын құрудағы негізгі мақсатымыз да сол – әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, мүгедектерге, жалғыз басты аналарға, жетім балаларға, төтенше жағдайларға тап болған жеке азаматтарға қайырымдылық көмек көрсету болып табылады.

Сіздерден осы қорды назардан тыс қалдырмай, игілікті іске қаржылай үлес қосуға шақырамыз.

«Мерейлі Меркі» қайырымдылық қорының есеп-шоты:

Банк: АО «АТФ Банк»
БИК Банка: ALMNKZKA
БИН Банка: 010441000299
Код: 18
БИН: 141240011716
Счет: KZ89826HOKZTD2002448

**А.ӘМЕТҚҰЛОВ,
«Мерейлі Меркі» қайырымдылық
қорының басшысы**

МЕРКІ ТЫНЫСЫ МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК Директор – Бас редактор Әтіркүл ИСАЕВА vestnik-merke@mail.ru	Меншік иесі: "Меркі тынысы"- Баспасы" жауапкершілігі шектелуі серіктестігі	Индекс: 080500, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ә.Ысмайылов көшесі, №349.	Телефондар: Бас редактор – 4-07-33 (факс.), бөлімдер – 4-07-35; 4-07-58; есепші – 4-07-34	Газет аралас – қазақ және орыс тілдерінде аптасына 2 рет – сәрсенбі, жұма күндері шығады. Редакция авторлардың көзқарасы үшін өзіне жауапкершілік жүктемейді. Газет ЖК ЖТО «Али ЗА» баспа орталығында басылған. Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі №36	Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы КҰЭЛІК №14047-Г Астана қаласы, 24.12.2013 жыл
--	---	---	--	--	---